

gorenje



ATCM730T

Пайдалану жөніндегі басшылық KZ


KZ

Пайдаланушы басшылығы 00


Маңызды

Аспапты қолданар алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз және оны алдағы уақытта анықтамалық материал ретінде қолдану үшін сақтап қойыңыз.

Қауіпсіздік жөніндегі маңызды нұсқаулар

- Бұл аспап қауіпсіздік жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.
- Аспапты тек жерге тұйықталған розеткаға ғана жалғаңыз.
- Аспап физикалық, қозғалу және психикалық қабілеттері шектелген адамдардың, соның ішінде балалардың, сонымен қатар тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдардың қолдануына арналмаған, бұл ретте олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін адамның бақылауы мен басшылығы болуы тиіс.
- Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.
- Аспапты жылу көздеріне жақын жерлерде қолданбаңыз.
- Турканы тек кофемен, қантпен және сумен толтырыңыз.
- Турканы басқа қыздырғыштарға қоймаңыз және оны басқа қосылу көздерімен қолданбаңыз.
- Желілік шнурдың ыстық беттерге тимеуін қадағалаңыз.
- Егер желілік шнур немесе аспаптың басқа да бөлшектері бүлінген болса, аспапты қолданбаңыз. Бұзылу анықталған кезде сервис орталығына хабарласыңыз.
- Аспапты электр желісіне жалғар алдында оның көрсетілген параметрлерінің жергілікті электр желісінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Аспапты тек жерге тұйықталған розеткаға ғана жалғаңыз.
- Аспапты ашық ауада қолданбаңыз. Аспап тек үйде қолдануға ғана арналған.
- Аспапты суға батырмаңыз.
- Аспапты тегіс, тұрақты бетке орналастырыңыз.
-  **Аспапты сусыз және кофесіз қолданбаңыз.**

Аспап сипаттамасы



- | | |
|--------------------------------------|---|
| 1. Турка | 5. Корпус |
| 2. Карау терезесі | 6. Индикатор шамы бар
ҚОСУ батырмасы |
| 3. Қорғайтын қақпақ | 7. Желілік шнур |
| 4. Кофеге арналған
өлшейтін қасық | 8. Контактты ағытпа |

Техникалық деректер

Кернеу	: 220-240 V AC, 50/60
Hz Қуат	: 735 W
Көлемі	: макс. 4 тостаған (орташа көлемі 65 мл)

Аспапты қолдану

Қолдануды бастамас бұрын

Аспаптың тегіс, таза, құрғақ әрі сырғанамайтын бетте вертикаль күйде сенімді тұрғанына көз жеткізіңіз.

Кофе дайындау

- Желілік шнур ашасын розеткаға салыңыз. Егер турка корпусқа орнатылған болса, дыбысты сигнал беріледі.
- Порция мөлшеріне және өз қалауыңызға байланысты су мөлшерін елшеп алыңыз. Туркаға су құйыңыз, содан соң кофе мен қант салыңыз.
- Турканы корпусқа орнатпас бұрын кофе түйіршіктерінің пайда болмауы үшін ингредиенттерді ағаш қасықпен араластырыңыз.
- Турканы корпусқа орнатыңыз. Дұрыс орнатқан және ағытпада контакт болған кезде дыбысты сигнал беріледі. Егер дыбысты сигнал болмаса, орнатуды қайталаңыз.
- ҚОСУ батырмасын басыңыз. Дыбысты сигнал беріледі және корпус жарығы жанады.

Саны	Дайындаудың шамамен алған
1 порция	1-2 минут
2 порция	2-2.5 минут
3 порция	2.5-3.5 минут
4 порция	3.5-4.5 минут

Ескертпе: Дайындау уақыты зертхана жағдайларында өлшенген және көлемі 65 миллилитр түрік кофесінің порциясын дайындауға есептелген. Дайындау уақыты пайдалану жағдайларына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

- Егер қандай да бір себептермен турканы алып тастайтын болсаңыз, дайындау тоқтайды. Дайындауды жалғастыру үшін баптауларды қайталаңыз.
- Кофе дайын болған кезде дыбысты сигнал беріледі. Корпус жарығы жанады, ҚОСУ батырмасының индикаторы 20 секунд бойы көк түспен жыпылықтайды. Содан соң жарық пен индикатор сөнеді.
- Кофені тостағандарға құйып, бірден үстелге ұсыныңыз.
- Турканы тазалау үшін қорғаныс қақпағын контактты ағытпаға салыңыз. Турканы қолданып болған соң бірден жуыңыз, әйтпесе келесі дайындау кезінде кофе дәмі нашарлауы мүмкін.

Кеңестер

Кофе қайнатқыш кофені түрікше дайындауға арналған. Кестеде берілген ұсыныстарды басшылыққа ала отырып, кофе дәмін түрлендіре аласыз (ақпарат кофенің бір порциясы есебімен берілген).

	Қантсыз	Қант аз	Тәтті кофе	Өте тәтті кофе
Кофе	1 өлшейтін қасық	1 өлшейтін қасық	1 өлшейтін қасық	1 өлшейтін қасық
Қант	–	½ шақпақ қант / ½ ш. қ. қант ұнтағы	1 шақпақ қант / 1 ш. қ. қант ұнтағы	2 шақпақ қант / 2 ш. қ. қант ұнтағы

- Дәмді сусын алу үшін балғын ингредиенттерді қолданыңыз және оларды туркаға дайындар алдында ғана салыңыз.
- Турканы тек кофе дайындау үшін ғана қолданыңыз, онымен су қайнатпаңыз.
- Кофе дайындау үшін тек су қолданыңыз. Кофені сүтпен дайындамаңыз.
- Жиынтығында ұсынылған өлшеу қасығын қолданыңыз.
- Дәмді сусын алу үшін дайындау алдында турканың таза әрі құрғақ екенін тексеріп алыңыз.
- Қарау терезесі дайындау кезінде таза болуы тиіс, әйтпесе аспап кофе мөлшерін анықтай алмауы мүмкін.
- Турканы максималды белгіден асыра толтырмаңыз. Аспап жұмыс жасамайды, ҚОСУ батырмасының индикаторы қызыл түспен жыпылықтайды және дыбысты сигнал беріледі.
- Аспапты және оның бөліктерін суға батырмаңыз.

Дыбысты және жарықты сигнализация

Әсері	ҚОСУ батырмасының	Корпус жарығы	Дыбысты сигнал
Турканы корпусқа орнатыңыз.	Көк түс, екі рет жыпылықтайды.	Бір рет жыпылықтайды.	1 сигнал.
Дайындауды бастау.	Көк түс, дайындау кезінде тұрақты жанып тұрады.	Дайындау кезінде тұрақты жанып тұрады.	Әуен.
Турка дайындау барысында алынған.	Өшірілген.	Өшірілді.	Әуен.
Кофе дайын.	Көк түс, екі рет жыпылықтайды.	Өшеді.	3 сигнал.
Турка бос немесе тек сумен толтырылған.	Қызыл түс, жыпылықтайды.	Өшеді.	3 ұзақ сигнал.

Тазалау және қызмет көрсету

- Тазалауды бастамас бұрын аспапты электр желісінен ажыратыңыз!
- Турканы тазалау үшін қорғайтын қақпақты контактты ағытпаға салыңыз және турканы ағын сумен жуыңыз. Судың контактты ағытпаға ақпауын қадағалаңыз.

Маңызды ескертулер

- Аспапты тазалау үшін абразивтік тазалау құралдарын, металл заттарды және металл щеткаларды қолданбаңыз.
- **Аспапты және желілік шнурды суға немесе кез келген сұйықтыққа батырмаңыз.**
- Турканың төменгі бетін жұмсақ губкамен тазалаңыз. Қатты губкаларды қолданбаңыз, өйткені олар беттерге сызат түсіруі мүмкін. Турканың төменгі бетіне сызат түсірмеуге тырысыңыз.
- **Турканы ыдыс жуу машинасында жумаңыз.**
- Кофе қайнатқышты дымқыл жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Қажет болған кезде жұмсақ жуу құралын қолданыңыз.

Уақыт өткен сайын турканың түбінде қақтың аз ғана дақтары пайда болады. Оларды тазалау үшін туркаға бір тостаған ыстық су және сірке судың жарты тостағанын немесе 1-2 лимон шырынын құйыңыз. Тазалап болған соң турканы мұқият жуыңыз.

Қоршаған орта

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Оны одан әрі жою үшін мамандандырылған жерге жіберіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.

Кепілдік және сервис

Қосымша ақпарат алу үшін немесе қандай да бір мәселелер туындаған жағдайда Пайдаланушыларды қорғау орталығына хабарласыңыз (телефон нөмірлері кепілдік міндеттемелерінде көрсетілген). Авторлық құқығы бар сервис орталықтарының мекенжайлары мен телефон нөмірлері "Кепілді міндеттемелер" кітапшасында немесе кепілдік талонында көрсетілген.

Тек үйде қолдануға арналған!



Импорттаушы: «Горень БТ» ЖШҚ,
119180, Мәскеу, Якиманская жағ., 4, 1-құр.

GORENJE
АСПАПТЫ АСҚАН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚПЕН ҚОЛДАНУЫҢЫЗДЫ
ТІЛЕЙМІЗ!

Өндіруші өзгерістер енгізуге құқылы!